ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ
ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕРІ КОМИТЕТІНІҢ
«ЖОБАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ВЕДОМСТВОДАН
ТЫС САРАПТАУ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСІПОРНЫ
(«МЕМСАРАПТАМА» РМК)

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ «ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ВНЕВЕДОМСТВЕННАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРОЕКТОВ»
КОМИТЕТА ПО ДЕЛАМ СТРОИТЕЛЬСТВА И
ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА
МИНИСТЕРСТВА ПРОМЫШЛЕННОСТИ И
СТРОИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
(РГП «ГОСЭКСПЕРТИЗА»)

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы,
Күлтөбе қысқа көшесі, 7 ғимарат. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

Республика Казахстан, 010000, г. Астана, район Байконыр,
переулок Култобе, здание 7. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

08.07.2025 № 01-01-11/3463

«Исследовательский центр «ЮПИТЕР» ЖШС
Боранбаев Болатхан Женисханулы
Email: corp@icjupiter.kz

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК) (бұдан әрі – Кәсіпорын) №73225661-ОК2, № 73225555-ОК2 – уақыт нормаларын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысты 2025 жылғы 01 шілдедегі № 262405 шағымыңызды қарап, өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды.

2025 жылғы 27 маусымдағы № 15299481 қорытындылар хаттамасына сәйкес сіздің конкурстық өтініміңіз келесі себеппен қабылданбады: «Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейді. Атап айтқанда, еңбекті ұйымдастыру және нормалау саласында сертификаттары бар жоғары экономикалық немесе техникалық немесе инженерлік-экономикалық білім туралы дипломы бар 2 маман жоқ. Әлеуетті өнім беруші мәлімдеген жұмыскерлер Марат Алпысұлы Құлымбетов және Күләш Асқарқызы Смағұлова бойынша еңбекті ұйымдастыру саласында сертификаттар қоса берілмеген, ал Қызметкер Құдабаева Жұлдыз Мәуленқызы бойынша жоғары экономикалық немесе техникалық немесе инженерлік-экономикалық білім туралы диплом қоса берілмеген. Веб-портал автоматты түрде қабылдамады;».

Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына «Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары» 7-қосымшаға «Еңбек ресурстары» бағанда (кестеде): «Жоғары экономикалық немесе техникалық немесе инженерлік-экономикалық білімі туралы дипломы, сондай-ақ еңбекті ұйымдастыру және нормалау саласындағы сертификаттары бар мамандардың болуы» деп көрсетілген.

«Исследовательский центр «ЮПИТЕР» ЖШС екі жұмыскер (Марат Алпысұлы Құлымбетов және Күләш Асқарқызы Смағұлова) бойынша «Кәсіпорындар мен ұйымдарда еңбекті нормалау және кәсіби стандарттарды енгізу» тақырыбындағы сертификаттарды қоса берді.

Алайда екі маман бойынша ұсынылған сертификаттар көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес келмейді (Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына 7-қосымшаға сәйкес), өйткені олардың атауында «Еңбекті ұйымдастыру» туралы нақты сілтеме жоқ. Бұл осы сертификаттар бойынша оқытудың мазмұны еңбекті ұйымдастыру тақырыбын толық қамтымайтынын немесе оны айқын түрде көрсетпейтінін көрсетеді.

Осыған байланысты аталған сертификаттар мамандардың қажетті біліктілігін растайтын болып таныла алмайды.

жоғары білім туралы диплом бойынша біліктілік талаптарына қатысты

«Исследовательский центр «ЮПИТЕР» ЖШС жұмыскер Жұлдыз Мәуленқызы Құдабаева бойынша мыналарды қоса берді:

- «Экономика және құқық» мамандығы бойынша білім бакалавры дипломы;
- «Құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша педагогика ғылымдары магистрінің дипломы.

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығының білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына 4-қосымшаға сәйкес: білім бакалавры және педагогика ғылымдарының магистрі Педагогика ғылымдарына жатады.

Осыған байланысты, алынған біліктіліктер педагогика ғылымдары саласына жатады және экономика мен құқық элементтерін біріктіретін пәнаралық сипатқа ие *(бірнеше академиялық пәндер (ғылымдар))*, бірақ экономика саласы, техникалық немесе инженерлік-экономикалық бағыттар үшін бейінді болып табылмайды.

Білім беру педагогикалық сипатта болады және оны қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде көзделген экономика саласындағы мамандарды емес, құқықтық және экономикалық бейіндегі пәндер оқытушыларын даярлау шеңберінде ғана қарауға болады.

Осылайша, аталған білім түрлері жоғары экономикалық, техникалық немесе инженерлік-экономикалық білім туралы дипломы бар мамандарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмейді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 212-тармағының 2) тармақшасына сәйкес егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі мынадай негіздер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін болып айқындалса, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды):

техникалық ерекшелікті ұсынбау;

әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы;

конкурста сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды, сондай-ақ конкурстық құжаттамаға 20-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен қызметтердің түрлерін орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі

бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтерді бермеу (әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда).

Өз кезегінде, әлеуетті өнім берушілер тауардың атауын, оның маркасын және/немесе тауар белгісін не қызмет көрсету белгісін, моделін, үлгісін, шығарылған елін, шығарылған жылын, кепілдік мерзімін, сондай-ақ ұсынылатын тауардың функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамаларын көрсете отырып, конкурстық құжаттамаға 17-қосымшаға сәйкес сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігін ұсынуы тиіс.

Осылайша, конкурстық комиссия Сіздің конкурстық өтініміңізді заңды түрде қабылдамады.

Сонымен бірге «Исследовательский центр «ЮПИТЕР» ЖШС-ға «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылдаған шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағым жасалуы мүмкін екендігін хабарлаймыз.

Карагойшин Т.Д.
Генеральный директор
РГП "Госэкспертиза"

Орынд.: Бейсенбаев Д.К.
23 50 18

Жумашова М.Б.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"

Оспанов Ж.К.
Руководитель комплаенс-службы
РГП "Госэкспертиза"

Бейсенбаев Д.К.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"